

ЖАҢАЛЫҚТАР

Арменияда парламент сайлаудың түпкілікті қорытындысы жарияланды

15 маусым 2026 жыл, 10:15



Арменияның Орталық сайлау комиссиясы бір апта бұрын өткен парламент сайлаудың ресми қорытындысын жариялап отыр. Ереван, 14 маусым, 2026 жыл.

14 маусым күні Арменияның Орталық сайлау комиссиясы 7 маусымда өткен парламент сайлаудың ресми қорытындысын жариялады. Ресми мәлімет бойынша, премьер-министр Никол Пашинянның "Азаматтық келісім" партиясы 49,7% дауыс жинап, жеңіске жеткен. Парламентке сондай-ақ "Күшті Армения" (23,3%) және "Армения" альянсы (9,9%) өтті.

"Азаматтық келісім" партиясы алған дауыс үлесі 50 пайызға жетпегенімен, Армения заңына сәйкес, жеңімпаз партияға қосымша мандаттар беріледі. Солардың қоса есептегенде Пашинянның партиясы парламентте абсолютті көпшілік орынға ие болады. Бұл оған үкіметті өз бетінше құруға мүмкіндік береді.

Сайлудың ресми қорытындысы жарияланған сәтте ОСК ғимараты алдында оппозиция наразылық акциясын өткізді. Олар сайлау қорытындыларын жоюды талап етіп, жаппай заң бұзу оқиғалары болды деп мәлімдеді. Билік бұл айыптауларды жоққа шығарып, қауіпсіздік шараларын күшейтті.

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ